

Бесқарағай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 желтоқсандағы N 27/4-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 ақпанда N 5-7-89 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 6 маусымдағы N 4/1-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2012.06.06 N 4/1-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы 3 бабының 2 тармағына және 311 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес Бесқарағай аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Қоса беріліп отырған Бесқарағай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. «Бесқарағай ауданының елді мекендерінде жануарларды ұстау, иттер мен мысықтарды серуендету ережелері туралы» аудандық мәслихат сессиясының 2008 жылғы 30 маусымдағы № 8/3-IV (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-7-57 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 19 шілдеде «Бесқарағай тынысы газетінің № 27 санында жарияланған), «Бесқарағай ауданының елді мекендерінде жануарларды ұстау, иттер мен мысықтарды серуендету ережелері туралы» 2008 жылғы 30 маусымдағы № 8/3-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы» аудандық мәслихат сессиясының 2009 жылғы 22 шілдедегі № 16/11-IV (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5-7-69 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 2 қыркүйектегі «Бесқарағай тынысы газетінің № 33 санында жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күн күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

Б. ОМАРОВ

мәслихатының хатшысы:

Бесқарағай аудандық
Ж. МАРАЛОВ

Бесқарағай аудандық мәслихатының
2010 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 27/4-IV шешімімен бекітілген

Бесқарағай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бесқарағай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 Кодексінің 3 бабының 2 тармағына және 311 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереженің күші Бесқарағай ауданындағы жеке және басқадай меншігіндегі иттері мен мысықтары бар жеке және заңды тұлғаларға таралады.

2 тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау және серуендету

3. Иттер мен мысықтарды ұстау санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық-санитарлық талаптар мен осы Ережені сақтаған жағдайда рұқсат етіледі: бір жанұя тұратын тұрғын үй-жайда, бірнеше жанұялар тұратын пәтерде, тек өзі тұратын тұрғын үй көлемінде, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, бағбандық және саяжайлық бірлестіктердің аумағында, демалыс базаларында иттерді байлаулы немесе арнаулы вольерлерде, түнгі уақыттарда мазалау, тыныштықты бұзу және айналасындағылар үшін қауіп төндіру мүмкіндіктерін болдырмайтын жағдайларда ұстау қажет.

Аумаққа кіреберісте тиісті жазу жазылған ескерту кестесін қамтамасыз ету қ а ж е т .

4. Барлық иттер мен мысықтар оларды иелері сатып алған сәттен бастап тіркеуге және вакцинациялауға жатады. Иттер мен мысықтарды тіркеу кезінде иелеріне тиісті уәкілетті мемлекеттік орган – өз өкілеті шегінде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясы ветеринарлық төлқұжат б е р е д і .

5. Иттер мен мысықтарды көпшілік пайдаланатын орындарда (асханаларда, дәліздерде, баспалдақтар бөліктерінде, жертөледе, шатырлар астында,

лоджияларда, балкондарда және басқа да қосалқы үй-жайларда) үй жанындағы аумақтарда жеке тұрғын үй қоры үйлерінің жанындағы аумақтардан басқа, қонақ үйлерде ұстауға рұқсат етілмейді.

6. Иттер мен мысықтарды олардың терісін және етін пайдалану мақсатында өсіруге және аулауға рұқсат етілмейді.

7. Иттерді таластыруға және басқа да жануарларға қатысты қатыгез іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге рұқсат етілмейді.

8. Тұрғындарға жануарларды аулаумен айналасатын ұйымдарға өзінің аумағында бұралқы иттер мен мысықтардың бары туралы хабарлау ұсынылады.

9. Қоғамдық орындарда (көшелерде, аулалық аумақтарла, саябақтарда, скверлерде және басқа орындарда) қарғыбаусыз және тұмылдырықсыз иесіз жүрген иттер, иесі байлап кеткендерден басқасы, қараусыз деп есептеледі және қараусыз иттер мен мысықтарды аулайтын тиісті ұйымдардың аулауына жатады.

10. Қараусыз иттер мен мысықтарды аулауды жергілікті атқарушы органмен, онда аулаудың шарттары реттелетін шарт жасасқан тиісті ұйым жүзеге асырады.

11. Серуендетуге рұқсат беріледі:

1) айналасындағыларға мазасыздық және кедергі тудырмай, аумақтың санитарлық жағдайын сақтағанда тұмылдырық кигізілген (сәндік тұқымды иттерден басқалары) және қысқа қарғыбаудағы иттерді;

2) қоршалған аумақтарда, жаттықтыру алаңдарында және осы мақсаттар үшін қарастырылған орындарда қарғыбаусыз және тұмылдырықсыз иттерді.

12. Иттерді серуендетуге тыйым салынады:

1) балалар ауласында және спорттық алаңқайларда, мектепке дейінгі балалар және оқу орындарының, емдеу мекемелерінің аумақтарында, саябақтарда және басқа аудан тұрғындарының жаппай демалатын орындарында;

2) халық көп жиналатын орындарда және қоғамдық іс-шаралар өтетін жерлерде адамдарды құтқару бойынша, сондай-ақ қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жұмыстарды орындайтын қызметтік иттерді және көзі нашар көретін адамдар үшін жетектеуші иттерді қоспағанда.

3 тарау. Қорытынды ережелер

13. Бесқарағай ауданында иттер мен мысықтарды ұстау Ережесінің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

14. Осы Ереженің талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

